**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

# АШЫҚ САБАҚ

## *Тақырыбы: Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы*

***Пәні: қазақ әдебиеті***

***Пән мұғалімі : Назарбаева Қ.П.***

***Сыныбы: 8 «И»***

2023-2024 оқу жылы

## Қысқа мерзімді сабақ жоспары

## Қазақ әдебиеті

| | | |
|---|---|---|
| **лім** | 1-бөлім: «Дананың сөзі- ақылдың көзі» | |
| **едагогтің аты-жөні** | Назарбаева Қ.П. | |
| **үні:** | 6.10.2023ж. | |
| **ынып: 8 «И»** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **абақтың тақырыбы** | Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы | |
| **қу бағдарламасына йкес оқыту ақсаттары** | 8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау<br>8.3.1.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қатынасын талдау. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға бере алады; шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалай алады. | |

### Сабақтың барысы

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басталуы 7 минут** | 1. Оқушылармен амандасу. Психологиялық ахуал .<br>2. Сабақ тақырыбы мен мақсаты, бағалау критерийі таныстырылады.<br>**Қызығушылықты ояту**<br>**«Хронология» әдісі**<br>Интерактивті тақтадан немесе кинопроектордан жыраулар жайлы презентация (http://www.myshared.ru/slide/1372251/ ) көрсетіледі. | Оқушылар екі топқа бөлінеді. Бір топ «Оқырмандар», екінші топ «Зерттеушілер» болады. Оқушылар алдымен презентациядан бұл адамдардың кім екенін анықтайды. | **Ауызша мадақтау арқылы бағалау**<br>*Жарайсың!*<br>*Тамаша!*<br>*Керемет!*<br><br>Барлық тапсырмаларды берілген бұлт, ағаш, күн суреттері арқылы бағалау | Оқулық 8-сынып «Атамұра» баспасы 2018жыл<br><br>http://www.myshared.ru/slide/1372251/ «Жыраулар» |
| **Сабақтың ортасы 9 минут** | **«Дөңгелек үстел» стратегиясы**<br>**1-тапсырма**<br>Сынып оқушыларына Бұқар жырау «Ай не болар күннен соң» және Ақтамбердінің «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары таратылады. Оқушылар оқып, төмендегі сұрақтар бойынша топпен талдап, өзіндік пікір білдіреді:<br>• Ақтамберді мен Бұхар толғауларында материалдық және рухани құндылықтардың қайсысы басымдылық танытады?<br>• Екі жырау толғауларының біздің заманымыздағы маңыздылығы қандай? | Содан кейін «Зерттеушілер» тобы суреттегі Ақтамберді мен Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасау арқылы хронологиялық кесте құрып, оқырмандар тобын таныстырады. «Оқырмандар» тобы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты білгісі келген сұрақтарды «Зерттеушілер» тобына қояды. Сұрақ саны үштен аспауы керек. Сұраққа жауап алғаннан кейін «Оқырмандар» тобы | <br><br><br><br><br> | http://bilim-all.kz/olen/1907-Kuldir-kuldir-kisinetip<br>https://bukharzhirau.psu.kz/index.php/le-deri<br>https://everything.kz/article/284 |
| **12 минут** | **Салыстыру**<br>**2- тапсырма «Венн диаграммасы»**<br>Екі жырау толғауларындағы тақырып пен идея ұқсастығы мен айырмашылығын «Венн диаграммасына» арқылы | | | |

<table>
<tr>
<td>10 минут<br><br>Сабақтың аяқталуы<br>2 минут</td>
<td>салыстырыңыз.<br><br>6.Бағалау<br>3- тапсырма. Топтық жұмыс.<br>«Әдеби шеңбер»<br>1. Талқы себепшісі –Ақтамберді жыраудың толғаулары бойынша 5 сұрақ құрастырады. (шығарманың тарихи маңыздылығын бүгінгі күнмен үндестіру)<br>2. Белгілеуші – толғаудың ең маңызды эпизодтық бөлігін тауып белгілейді.<br>3. Байланыстырушы – шығарманы өмірмен байланыстырады, дәлелдейді.<br>4. Қорытындылаушы – шығармадағы өзекті ойға баға беріп, қорытындылайды.<br><br>4-тапсырма. Жұптық жұмыс.<br>«Ізденуші» әдісі.<br>Автор бейнесін ашатын нақты мысалдарды толғаудан іздеп тауып жазады.<br>
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Мінезі</td><td>Нақты мысал</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Үйге тапсырма: Ақтамберді туралы кімдер жазды?<br>«Күлдір –күлдір кісінетіп» толғауынан үзінді жаттау.</td>
<td>«Зерттеушілер» тобының жұмысына баға береді. Бүгінгі сабақта алған мәліметтерінің құндылығы жайында қорытынды пікір айтады.<br><br>Шығармадан кейіпкердің мінезін анықтайтын нақты мысалдар келтіре отырып талдау жасайды.</td>
<td>Дескриптор<br>Білім алушы<br>- шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды;<br>-осы тектес басқа шығармалармен салыстырады;<br>-тарихи және көркемдік құндылығына баға береді<br><br>Автор бейнесін нақты мысалдармен ашады</td>
<td>10019-balalaryma-siet</td>
</tr>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>Кері байланыс: Оқушылар «Пайдалы үш нәрсе» тәсілі арқылы өзін-өзі бағалап, тексереді.<br>1.Бүгінгі сабақта сен қандай пайдалы үш нәрсе жасадың?<br>2.Сен келесі сабақты қалай өзгертер едің? Оны қалай өзгертесің?</td>
<td>Кері байланыс жасайды.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
</table>

## ҚОСЫМША АҚПАРАТ

| Саралау - сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | Бағалау – сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| Білім алушылармен жылы сөйлесе отырып, түсінбеген сұрақтарына бағыт-бағдар беріледі. Олардың сенімділігі шыңдалады. Әртүрлі қабілеттілігі ескеріле отырып тақырыпқа сай шығармашылық тапсырма беріледі. | Білім алушылар дағдыларының қалыптасуы мен білімді меңгеру деңгейін, оқудағы қиындықтарды анықтап, оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін олар үнемі сабақ барысында түрлі-түсті стикерлермен бағаланып отырылады..Білім алушылар өз жұмыстарына өзі баға берумен қатар, сыныптастарын бағалау арқылы да өзінің оқуын жетілдіреді.<br>«Гүл шоғыры» суреті кері байланысқа пайдаланылады. | Ширату жаттығуларын жасау,өмір қауіпсіздігін қадағалау.<br>Пәнаралық байланыс Қазақ әдебиеті, музыка АКТ. Сабақтың өн бойында оқушыларға тапсырмалар беруде, жаңа мәліметтермен таныстыруда, жұмыстарын тексеріп отыруда қолданылады. |

Қорытынды бағамдау.
Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?
1. шығарманы сұрақтарға талдау жасауы.
2. автор бейнесін жан-жақты ашып білуі.
Сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?
1.
2. Теориямен байланыстыра талдау
Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері (қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?)
1. Оқушыларға толғаулардың көбірек оқыту
2. сабақ кезінде талдау жасатуды [illegible] күшейту.

Тексерілді: әдіскер Д.Ж.Бозшабаева


1845
1904
ABAI


1845
1904


Батыр
«Ерлік – ердің қасиеті»


Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
С.Торайғыров